

Sades SA-701 Tpower ойын құлаққаптары

Құлаққаптар — музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

Сипаттамалары

- Моделі: SA-701.
- Дыбыс пішімі: Stereo 2.0.
- Жиілік диапазоны: 20 Гц - 20 000 Гц.
- Сезімталдық: 106 ± 3 дБ.
- Таратқыштың қуаты: 10 мВт.
- Динамиктер саны: 2.
- Мембрананың диаметрі: 40 мм.
- Кедергі: 32 Ω .
- Микрофон сезімталдығы: -51 ± 3 дБ.
- Микрофон кедергісі: 1 кГц үшін $\leq 1,8$ к Ω .
- Қосқыш: 3,5 мм.
- Кабель ұзындығы: 2 м (құлаққап).
- Жиынтықтама: құлаққаптар, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдік талоны, Sades жапсырмасы.

Сақтық шаралары

1. Құрылғының конструкциясына ешқандай өзгерістер енгізбеңіз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.
2. Қысқа тұйықталуды болдырмас үшін құрылғының кез-келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, оның жанына ішінде сұйықтығы бар ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Есту қабілетінің бұзылуын болдырмас үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құлаққап кабелінің USB-коннекторын өзіңіздің ДК USB портына қосыңыз.
2. Дыбыс деңгейі батырмалары көмегімен қалаған дыбыс деңгейін баптаңыз.
3. Құлаққаптың сол жақ айшанағында орналасқан микрофонды қосу үшін оны көлденең күйде (төмен) шертуге дейін бұраңыз. Микрофонды өшіру үшін оны шертуге дейін тік күйге (жоғары) бұраңыз.
4. Дыбысты өшіру/қосу үшін дыбысты өшіру батырмасын басыңыз.

Сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүргізілуі керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату жергілікті нормаларға және қалдықтарды қайта өңдеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиянды бақылаусыз қалдықтардың шығарылуын алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші:

Шэньчжэнь Сэйдс Диджитал Текнолоджи Ко., Лтд.
9F, к. А, Жунь Чуаньсин Таймс ғимараты, Липу 3
к-сі, Булун тас жолы, Баньтянь к-сі, Лунган ауд.,
Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / өндіруші уәкілеттік берген тұлға:

«Атлас» ЖШҚ,
690068, Ресей, Приморск өлкесі, Владивосток қ.,
Владивостоктың 100 жылдығы даңғылы, 155 үй, 3
корпус, 5 кеңсе.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО
ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектро-
ника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды
шектеу туралы» техникалық регламентінің талап-
тарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.



Тауардың шығарылған күні қаптамада көрсетіл-
ген.